

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ

КЕЛІСЕМІН

«Теміртау қаласының №12ЖББМ» КММ қамқоршылық кеңес  
төрайымы

\_\_\_\_\_Мергенова А.Қ

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

БЕКІТЕМІН

«Теміртау қаласының №12ЖББМ» КММ директоры

\_\_\_\_\_ Ж.С.Тащанова

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Теміртау қаласы білім бөлімінің №12 жалпы білім беретін мектебі

2024-2028 оқу жылына арналған

Теміртау 2024

**Бағдарлама жетекшісі:**

Директор \_\_\_\_\_ Тащанова Жанара Сакеновна

**Бағдарлама әзірлеушілер:**

Директордың орынбасары м.а \_\_\_\_\_ Кобенова А.Е.

Директордың орынбасары м.а \_\_\_\_\_ Аймышова Р.Б

№12 ЖББМ Педагогикалық кеңесте қорғалған  
№ 3 хаттама «4» қаңтар 2024ж.

Хатшы: \_\_\_\_\_ Қаламғазы Айнұр

## Даму бағдарламасының мазмұны

<b>I.бөлім Бағдарлама паспорты Кіріспе</b>	4
1.1 Білім беруді ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы	5
1.2 Мектептің даму бағдарламасының паспорты	6
<b>II. бөлім Ағымдағы ахуалды талдау</b>	
2.1 Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы	8
2.2 Сыныптар бойынша білім сапасы мен үлгерімі	8
2.3 Мектептің тәрбие жұмысының ахуалы	18
2.4 Ата-аналарға арналған сауалнама	22
2.5 МТБ және мектепті теникалық жарақтандыру	24
2.5 МТБ және мектепті теникалық жарақтандыру	25
<b>III.бөлім Миссиясы және пайымы</b>	30
<b>IV. бөлім Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер</b>	32
<b>V. бөлім Мектептің даму бағдарламасының 2024-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары</b>	35

## Кіріспе

Теміртау қаласы №12 ЖББМ Мектептің Даму Бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына» және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 ж. 28 тамыздағы № 273бұйрығына» сүйене отырып жазылды.

Бағдарламаның қызметі: инновацияны енгізе отырып, оқушылардың дарындылық дағдыларын арттыру. Қызметті жүзеге асырудың айқын мақсаты: 2024-2028 жылдарға арналған тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу және инновациялық идеялар негізінде оқытуды қамтамасыз ету болса, ал міндеті – оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген әлем бейнесі туралы түсініктердің сапалы жоғары деңгейін дамыту арқылы білім сапасын арттыра отырып педагогтардың кәсіби біліктілік құзыреттілік деңгейін көтеру. Бұл бағдарлама жаңартылған білім мазмұнына бойынша білім беру жағдайында білім берудің стратегиясын, негізгі бағыттарын, мақсаты мен міндеттерін және оларды жүзеге асырудың қызметін анықтайды. Сонымен бірге, бұл есеп білім беру үдерісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады.

Бағдарлама педагогтер мен ата-аналар арасында талқыланып, ұтымды кеңестер ескерілді. Перспективалық жоспар мектепті басқару ісінде инновациялық менеджмент бағыттарына даму жобаларын енгізе отырып, білім беру ұйымында білім алушылардың дарындылық дағдыларын қалыптастыруға, білім сапасын арттыруға бағытталған.

**Білім беруді ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы:**

Кесте 1

<b>Толық атауы:</b>	«Теміртау қаласының №12 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
<b>Мектеп директоры:</b>	Тащанова Жанара Сәкеновна
<b>Заңды мекенжайы:</b>	100104 Қарағанды облысы Теміртау қаласы, Байсейітова көшесі, 7
<b>Телефон:</b>	8(776)5265635
<b>Мекеме түрі:</b>	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта)
<b>Оқыту тілі:</b>	қазақ
<b>Құрылыс салынған жылы:</b>	1953 жыл
<b>Соңғы күрделі жөндеуден өткен жыл:</b>	2022 жылы мектеп күрделі жөндеуден өткізіліп, қайта іске қосылды
<b>Қабаттар саны</b>	2
<b>Ғимарат аумағы:</b>	1517,3 м <sup>2</sup>
<b>Мектептің жобалық сыйымдылығы:</b>	450 адам

## I бөлім. Мектепті дамыту бағдарламасының паспорты

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ

2023-2028 оқу жылы

кесте 2


Бағдарламаның атауы	Теміртау қаласы «№12 жалпы білім беретін мектебінің 2024 -2028 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	<ul style="list-style-type: none"><li>• «Білім туралы» заң 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;</li><li>• «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;</li><li>• ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;</li><li>• Өңірлік бағдарламалар, білім беруді дамыту жөніндегі жол карталары және т.б.</li><li>• Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және министрiнiң 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;</li><li>• «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрiнiң 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы;</li><li>• Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 02.09.2019 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. «Конструктивті қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі»;</li></ul>
Бағдарламаны әзірлеуші	Теміртау қаласы КММ №12 ЖББМ мектеп ұжымы
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мақсаты: Оқушыларымыздың сапалы білім алуына жағдай жасап, мектеп педагогтеріміздің кәсіби өсуін қамтамасыз ету; Міндеттері:

	<p>1.Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру  2.Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту  3.Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру  4.Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту  5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру  6.Білім сапасын бағалау  7.Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу</p>
<p>Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері</p>	<p>2023 жылдың қыркүйегінен – 2028 жылғы маусым аралығы  Даму бағдарламасы келесі кезеңдерде іске асырылатын болады:  •І кезең (2023-2024 жыл) – айқындаушы; Талдамалық жобалау. Мектеп мүмкіндіктерімен бағыттарын анықтап және оның жаңа сапалық жағдайын модельдеу  •ІІ кезең (2024-2027 жылдар) қалыптастырушы (байқаудан өткізу және енгізу); Мектептің әлеуметтік серіктестерінің шеңберін кеңейту, әлеуметтік бағдарламалар қалыптастыру және қоғаммен өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын іздеу бойынша әзірлемелер әзірлеу және апробациялау.  •ІІІ кезең (2027-2028 жылдар) –рефлексивті- жалпылама.  Қол жеткізілген нәтижелерді талдау және мектепті одан әрі дамыту мүмкіндіктерін анықтау.</p>
<p>Қаржыландыру көздері</p>	<p>Мектепті дамытуға жыл сайынғы қаржы бөлу және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері.</p>

## II бөлім Ағымдағы ахуалды талдау

### 2.1 Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы туралы ақпарат (жасы бойынша)

диаграмма 1



кесте 3

№	Педагогтардың жасы	2022-2023 саны	үлесі (%)	2023-2024 саны	үлесі
1	30 жасқа дейін	9	37,5 %	15	48,5%
2	31 - 45 жас	12	50%	14	45 %
3	46 – 60 жас	3	22,5 %	2	6,5%
4	60 жастан жоғары	0	0	0	0
	<b>Барлығы</b>	<b>24</b>		<b>31</b>	

Кесте, диаграмма арқылы педагогтарымыздың басым бөлігі жастар, жас шамасы 31-45 жас аралығы басым екенін байқауға болады.


Оң жақтары: білікті, креативті жас мамандардың болуы;

Теріс жақтары: білікті, тәжірибелі ұстаздардың аз болуы;



## Педагог кадрлардың сапалық құрамы туралы ақпарат (жұмыс өтілі бойынша)

диаграмма 2



кесте 4


№	Педагогтардың еңбек өтілі	2022-2023ж саны	Үлесі (%)	2023-2024 ж Саны	Үлесі (%)
1	3 жылға дейін	11	45,8%	12	38,7%
2	4 - 8	3	12,5%	7	22,5%
3	9 – 15	3	12,5%	4	12,9%
4	16 – 20	3	12,5%	4	12,9%
5	21 – 25	3	12,5%	2	6,45%
6	26 - 30	1	4,%	2	6,45%
7	31 – 35	0	0%	0	0%
8	36 - 40	0	0%	0	0%
9	40 жылдан жоғары	0	0%	0	0%
	<b>Итого:</b>	<b>24</b>	<b>100%</b>	<b>31</b>	<b>100%</b>

Кесте, диаграммада педагогтарымыздың басым бөлігі жас мамандар құрайтыны көрсетілген. 3 жылға дейінгі еңбек өтілімі бар педагогтердің үлесі артқан. Тәжірибесі бар педагогтер үлесі аз.

## Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы

диаграмма 3

кесте 5



Педагог жалпы саны	Үлесі	Санатын қоса алғанда					Оның ішінде шеберлік деңгейі бойынша				
		барлығы	жоғарғы	бірінші	екінші	санаты жоқ	барлығы	педагог-модератор	педагог-саралшы	педагог-зерттеуші	педагог-шебер
24	адам	11	0	0	0	11	13	6	4	3	0
	%	45,8	0	0	0	45,8	54,2	25	16,6	12,6	0


Педагог жалпы саны	Үлесі	Санатын қоса алғанда					Оның ішінде шеберлік деңгейі бойынша				
		барлығы	жоғарғы	бірінші	екінші	санаты жоқ	барлығы	педагог-модератор	педагог-саралшы	педагог-зерттеуші	педагог-шебер
31	адам	19	0	0	1	18	12	7	3	2	0
	%	61,2	0	0	3,2	58	38,8	22,6	9,7	6,5	0

Педагогтарымыздың білім сапасы 17% құрайды. Мектебіміздің ұжымы дұрыс қалыптаса қоймағандығын, жас мамандардың үлесімінің басым болуымен байланысты.

**Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы  
(Педагогтарды білім деңгейлері бойынша бөлу)**

диаграмма 4

кесте 6



Пед жалпы саны	Үлесі	білім деңгейі бойынша				
		Арнайы орта техникалық және кәсіптік	Орта білімнен кейінгі білім	жоғары	Жоғары оқу орнынан кейінгі(магистратура)	Жоғарыоқу орнынан кейінгі(докторантура PhD)
24	ад	5	0	17	2	0
	%	20,8	0	70,8	8,4	0

Пед жалпы саны	Үлесі	білім деңгейі бойынша				
		Арнайы орта техникалық және кәсіптік	Орта білімнен кейінгі білім	жоғары	Жоғары оқу орнынан кейінгі(магистратура)	Жоғарыоқу орнынан кейінгі(докторантура PhD)
31	ад	6	0	23	2	0
	%	19,4	0	74,1	6,5	0

Кесте, диаграмма арқылы мектеп педагогтарының 19,4% арнайы орта білімдері бар. Бұл мектебіміздің жас мамандар саны үлесімінің басымдығымен байланысты. Басым бөлігі жоғарғы оқу орындарында сырттай білім алып жатыр.

№	Бағыты	Барлық педагогтар/басшылар	БА курсынан өтті	Өту %
1	Оқыту әдістемесі мен технологиялары (көшбасшылық курстар)	31	0	0%
2	Мектептегі менеджмент және көшбасшылық (Мектеп басшыларына арналған 9 айлық курстар)	4	0	0%
3	Орта білім берудің жаңартылған мазмұны	31	26	83%
4	Мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар	2	1	50%

Кестеде көрсетілгендей мектептегі басшылық арнайы көшбасшылық курстарынан өтпеген. 2023-2024 оқу жылында басшылар ауысып, жаңа басшылар тағайындалуымен байланысты. Көрсетілген анализдер арқылы тұрақты ұжымның қалыптаса қоймағандығын көреміз.

Кесте, диаграмма арқылы педагогтертеріміздің басым бөлігі 30 жасқа дейінгі жастар екенін байқауға болады. 31 педагогтың: 48,8%- 30жасқа дейін, 45% - 31-45 жасқа дейін, 6,5% - 46-60 жас аралығы. Ұжымның негізгі бөлігін (48,8%) – 30 жасқа дейін «жас мамандар» мен 45% орта жас педагогтер құраса. Стажы бар тәжірибелі педагогтер небәрі 6,5 %. Мектепте тәжірибесі аз мұғалімдер үшін "жас маман мектебі" жұмысы аясында тәжірибелі мұғалімдер әдістемелік сүйемелдеу ұйымдастырылды.

•Педагогтарымыздың сапалық құрамы 16% құрайды. Мектебіміздің ұжымы дұрыс қалыптаса қоймағандығымен және жас мамандардың үлесімінің басым болуымен байланысты. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда сапалық құрам 13% түсіп қалды. Бұл шеберлік деңгейі бар педагогтеріміздің жұмыс орнын ауыстырумен байланысты.

•Ұжымның білім деңгейі өте жоғары – 74,1% жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білімі бар. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында мектепте курстық қайта даярлау ұйымдастырылды, ол біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарына, педагогтардың сұраныстарына сәйкес жүргізіледі. Мұғалімдердің 100% - ы оқытылатын пәндер бойынша жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстарды аяқтады, сондай-ақ педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан 83,8% өтті (31 мұғалім) және бес мұғалім оқу жылының соңына дейін пән бойынша БА курстарынан өтеді.

Негізгі мәселелер:	Шешу жолдары:
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мектеп педагогтерінің сапалық құрамының төмендігі;</li> <li>• Тәжірибесі бар, білікті педагогтердің аздығы;</li> <li>• Тәжірибесі жоқ жас мамандардың басым болуы;</li> <li>• Қалыптасқан тұрақты ұжымның толық қалыптаспауы.</li> </ul>	<p>«Мұғалім рейтингісі» мектепшілік жобасы арқығы педагогтардың кәсіби өсуі және түрлі конкурстар мен олимпиадаларға белсенді қатысуын ынталандыру ;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жұмысқа қабылдау кезінде тәжірибесі бар, білікті педагогтерді іріктеп қабылдау;</li> <li>- Мектеп педагогтарының әртүрлі деңгейдегі мектептен тыс кәсіби іс-шараларға қатысуы.</li> <li>- Педагогтердің әдістемелік материалдарын БАҚ-на орналастыру.</li> <li>- Жас мамандарды біліктілікті арттыру, деңгейлік курстарға жіберу арқылы тәжірибе жинақтату.</li> <li>- Мектеп пен педагогтардың қажеттіліктеріне сәйкес кадрларды қайта даярлауды ұйымдастыру.</li> </ul>

### Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметі

(2022-2023 -2023-2024 оқу жылы)

кесте 9

№	Педагогтердің нәтижелілігі	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Ғылыми-әдістемелік басылымдардағы жарияланымдар, мақалалар	2	2
2	Оқу – әдістемелік құралдарды, авторлық бағдарламаларды, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	1	1
3	Педагогтердің зерттеу қызметі	5	5
4	Педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу	0	4

Мектеп педагогтарымыздың өздерінің педагогикалық қызметін жинақтап материалдарын түрлі басылымдарда жариялайтын және мектеп оқушыларымен зерттеу жобаларын әзірлеумен айналысатын педагогтар саны аз болып тұр. 2023-2024 оқу жылында мектеп педагогтеріміз шеберлік конкурстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

- “Үздік жыл психологы-2023” республикалық байқауының облыстық кезеңінде мектебіміздің педагог-психологы Жансая Бауыржанқызы қатысып ( 1 санат – 3-5 жыл аралығы бойынша) I дәрежелі дипломға ие болды.
- “Тәлімі мол тәлімгер” тәлімгерлер арасындағы облыстық байқауында “Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт” номинациясы бойынша аға тәлімгеріміз Омарова Балнұр Қазбекқызы жүлделі I орынға ие болды.
- “Алтын тұғыр” бастауыш сынып мұғалімдер арасындағы олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысқан бастауыш сынып мұғалімі Тащанова Жанар Сакеновна II орын иеленді.


## Кесте 10

<b>Негізгі мәселелер:</b>	<b>Шешу жолдары:</b>
<p>-мақалалар мен әдістемелік материалдарды орналастыруда ұжымның белсенділігінің болмауы , оқулықтарды әзірлеуге қатысқан, оқу-әдістемелік құралдарды, бағдарламаларды, әдістемелік ұсынымдарды жариялаған педагогтар өте аз; кәсіби конкурстарға қатысушы мұғалімдердің аз болуы;</p> <p>- жаңартылған білім беру аясында мұғалімнің жұмысқа психологиялық дайындығы жеткіліксіз;</p> <p>- аналитикалық кезеңде мектеп педагогтары өздерінің кәсіби дағдыларын көрсетпеді. Бұдан мұғалімдер өз жетістіктеріне бағдарланбайды деген қорытынды жасау болады.</p>	<p>-«Оқуға құштар мектеп», Зейін жобасын іске асыру;</p> <p>-мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеу;</p> <p>-мұғалімдердің әдістемелік материалдарын баспа басылымдарына орналастыру, мектеп мұғалімдерінің кәсіби іс-шараларға қатысужоспарын жасау және іске асыру;</p> <p>-педагогтердің кәсіби-тұлғалық дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;</p> <p>-пәндік апталықтар;</p> <p>-мектеп мұғалімдерінің ғылыми-практикалық конференциясы;</p> <p>-«Жылдың үздік мұғалімі», шеберлік конкурс байқауларына қатысу арқылы жинақталған тәжірибесін зерделеу.</p>

## Мектеп оқушыларымен мұғалімдердің оқу, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігі

(пәндік олимпиадалар, ғылыми жарыстар, ғылыми-зерттеу жобалары)

диаграмма5



Мектеп педагогтарының 32%- ы оқушылармен кәсіби зерттеу жұмысын және зерттеу қызметін жүзеге асырады.

## Мектеп оқушыларының іс- шараларға қатысуының нәтижелілігі

(пәндік олимпиадаларда, ғылыми жарыстарда, ғылыми-зерттеу жобаларында, робототехника бойынша жарыстар және т. б) кесте 11

№	Іс-шара деңгейі	2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы		
		Барлық білім алушылар	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Барлық білім алушылар	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны
1	Қалалық	233	30	13	290	40	8
2	Облыстық	233	2	1	290	3	2
3	Республикалық	233	0	0	290	0	0
4	Халықаралық	233	0	0	290	0	0

Мектеп бойынша оқушылардың зияткерлік жарыстарға қатысу пайызы 17% (оқушылардың жалпы санынан), нәтижелілігі 12% құрайды. Республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысу аз және көбісі қашықтық сипатқа келе.

кесте 12

Негізгі мәселелер:	Шешу жолдары:
<p>-оқушыларды пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатыстыратын оқушылардың аздығы;</p> <p>-Оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары қалалық деңгейде ғана нәтиже беруі;</p>	<p>-«Оқуды үйрен», «Зейін», «Оқуға құштар мектеп» жобаларын іске асырып, мұғалім және оқушы бойындағы шығармашылық-ізденіс қабілеттерін дамыту.</p> <p>-олимпиадаға дайындық курстарында педагогтерді қайта даярлау, оқушылардың ғылыми қоғамы жұмысын жүйелеу.</p> <p>-мектеп психологына оқушылардың ғылым мен шығармашылық қабілеттерін зерттеуге бейімділігін анықтау бойынша диагностика жүргізу, оқушылардың олимпиадалық резерві мектебінің деректер банкіні құру;</p> <p>-жоғары оқу мотивациясы бар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру үшін жеке жұмыс әлеуетін пайдалану</p>

### Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің апталық жүктемесі:

2023-2024 оқу жылының басында мұғалімдердің 38,5% - і апталық жүктеме 2-10 сағатты құрайды, мұғалімдердің 38,5% - і апталық жүктеме 11-18 сағатты құрайды, мұғалімдердің 19,2% -і апталық жүктеме 19-28 сағатты құрайды, мұғалімдердің 3,8%-і апталық жүктеме 30-38 сағатты құрайды. Әкімшіліктің апталық жүктемесі рұқсат етілген нормалардан аспайды (1 Әкімшілік жұмыс ставкасы және диплом мамандығы бойынша аптасына 8 сағат сабақ беру). Мектеп келесі пәндер бойынша пән мұғалімдеріне мұқтаж болды: орыс тілі мен әдебиеті, математика, тарих, химия, АӘД, ер балаларға еңбек пәні мұғалімі. Шешу жолдары: Енбек.kz порталында бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді орналастыру; білікті, тәжірибесі бар педагогтерді жұмысқа қабылдау.

### Кабинеттермен қамтылуы

Оқу кабинеттерінің саны 14. А блоктың бірінші қабатында 2 бастауыш сынып кабинеті, 1 STEM кабинеті, А блоктың екінші қабатында 8 оқу кабинеті: химия-биология, тарих-география кабинеті, Абайтану кабинеті, тілдер кабинеті, ағылшын тілі кабинеті, физика кабинеті, информатика кабинеті, математика кабинеті. Ғимараттың Г блогының бірінші қабатында 1 қыз балаларға, 1 ер балаларға арналған еңбек кабинеті және АӘД кабинеті, 1 спорт зал. Кабинеттер саны аз болғандықтан көп кабинеттерде екі пән біріктірілген. Бастауыш сыныпқа арналған 2 кабинет болғандықтан, бастауыш сынып оқушылары



Абайтану, тілдер кабиетінде оқиды. Оқу-зертханалық құралдармен химия-биология кабинеті және steam кабинеті жабдықталған. Мектепте жаңа заманауи үлгідегі телестудия және медиа орталық жұмыс жасауда.

**Білім алушылар контингенті туралы ақпарат**  
(Сынып жиынтықтарының саны)


кесте 13

сынып	Сынып комплекстердің саны	Барлық білім алушылар	2023-2024 оқу жылында мектепте 15 сынып –комплекті бар. 3, 7,8,10,11 сыныптардан бір сыныптан болса, қалған 1,2,4,5,6 сыныптар екі сыныптан. 9 сынып мүлдем жоқ. Білім алушылар контингенті 288 адам Мектептің жобалық сыйымдылығы – 450 адам Бірінші аусымда –165 оқушы Екінші аусымда-123 оқушы
1 сынып	2	36	
2 сынып	2	36	
3 сынып	1	24	
4 сынып	2	29	
5 сынып	2	51	
6 сынып	2	36	
7 сынып	1	27	
8 сынып	1	17	
9 сынып	0	0	
10 сынып	1	18	
11 сынып	1	14	
<b>Всего:</b>	<b>15</b>	<b>288</b>	


## 2.2 Сыныптар бойынша білім сапасы мен үлгерімі

(2022-2024 оқу жылдары)

диаграмма 6




### Негізгі орта деңгейінің білім сапасы



2022-2023 оқу жылы және 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығымен салыстыра алғанда білім сапасы тұрақсыз. 5- сыныпта білім сапасы 48 % -дан, 46% -ға төмендеді. 6- сыныпта білім сапасы 45% өзгеріссіз. 7 – сыныпта білім сапасы 30% - дан, 34% -ға жоғарылады , 2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығында 8 -сынып білім сапасы 43% құрады. Ең төменгі көрсеткіш 7 сыныптарда 30-34 %. Білім сапасы 41-42 % аралығында.

### Жоғары сыныптардың білім сапасы



2023-2024 оқу жылындағы 10-11 сынып оқушыларының білім сапасын салыстыратын болсақ 2022-2023 оқу жылында 11 сынып болған жоқ. 10 сынып білім сапасы 2022-2023 оқу жылында 40% болса , 2023-2024 оқу жылында 3%-ға төмендеді 37%-құрады. 11- сынып білім сапасы 2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығында 36% құрады. 10-11 сыныптардың білім сапалары 36-38 % аралығында.

## 2-4 сыныптарда оқу пәндері бойынша білім сапасы

кесте 14

№	пән	Сыныптар							
		2		3		4		қорытынды	
		2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
1	Қазақ тілі	56,52%	67,65%	60%	66,67%	64,71%	57,14%	60,41%	63,82%
2	Орыс тілі	78,26%	70,59%	70%	79,17%	64,71%	71,43%	70,99%	73,73%
3	Әдебиеттік оқу	69,57%	67,65%	66,67%	66,67%	62,75	78,57%	66,32%	70,96%
4	Математика	60,87%	73,53%	66,67%	79,17%	62,75	74,07%	63,43%	75,59%
5	Жаратылыстану	73,91	88,24%	66,67%	79,17%	74,51	75%	71,69%	80,80%
6	Шетел тілі			70%	71%	62%	64%	66%	67,5%
7	Дүниетану	73,91%	85,29%	63,33%	83,33%	62,73	71,43%	69,55%	80,01%

## 5-8 сыныптарда оқу пәндері бойынша білім сапасы

кесте 15

№	пән	Сыныптар									
		5		6		7		8		қорытынды	
		2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
1	Қазақ тілі	61	55	45	51	73	42		62	59,66	52,5
2	Қазақ әдебиет	64	61	52	60	73	53		62	63	59
3	Орыс тілі және әдебиеті	58	61	47	48	53	46		50	52,66	51,25
4	математика (алгебра)	55	53	42	48	40	37		43	45,66	45,25
5	жаратылыстану	61	59	55	60					58	59,5
6	Қазақстан тарихы	67	63	69	57	67	53		75	67,66	62
7	Шет тілі	55	48	47	48	47	48		50	49,66	48,5
8	Дүние жүзі тарихы	67	63	66	48	66	48		62	66,33	55,25
9	Информатика	57	51	52	48	60	58		50	56,33	51,75
10	Геометрия					33	37		43	33	40

11	Физика				47	39		50	47	44,5
12	Биология				47	42		43	47	42,5
13	География				73	54		56	73	63,5
14	Химия				47	58		43	47	50,5

### 10-11 сыныптарда оқу пәндері бойынша білім сапасы

кесте 16

№	пән	Сыныптар					
		10		11		қорытынды	
		2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
1	Қазақ тілі	44%	75%		64	44%	68
2	Қазақ әдебиеті	44%	85%		57	44%	71
3	Орыс тілі және әдебиеті	56%	70%		57	56%	63,5
4	Физика	44%	65%		42	44%	53,5
5	Биология	56%	55%		50	56%	52,5
6	Химия	44%	60%		50	44%	55
7	Дүние жүзі тарихы	50%	65%		57	50%	61
8	Қазақстан тарихы	50%	70%		57	50%	63,5
9	Алгебра және анализ бастамалары	44%	65%		50	44%	57,5
10	Шетел тілі	50%	65%		50	50%	57,5
11	Информатика	69%	60%			69%	60
12	География	56%	75%		50	56%	62,5
13	Геометрия	44%	70%		42	44%	56
14	Құқық негіздері	56%	60%		64	56%	62

Кесте бойынша 5, 7 сыныптарда білім сапасы төмендегенін көруге болады. Білім сапасы төмендеген пәндер 2-4 сыныптар аралығында қазақ тілі, әдебиеттік оқу. 5-8 сыныптар аралығында қазақ тілі, орыс тілі, математика, қазақстан тарихы. Әсіресе 5 және 7 сынып оқушыларының білім сапасы күрт төмендеген. 10 сыныптарда білім сапасы бүкіл пәндерден көтерілген, 2022-2023 оқу жылында 11 сынып болмағандықтан, 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдық нәтижесін алдық. Білім сапасы төмен пәндер физика, геометрия.

Негізгі мәселелер:	Шешу жолдары:
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоғарғы сынып оқушыларының (10-11 ) білім сапасының төмендігі;</li> <li>- Олимпиадалармен зерттеу жобалар конкурстарына қатысатын оқушылар санының аздығы;</li> <li>- Мектеп оқушыларының арасында өзін-өзі басқару жұмысының әлсіз дамуы.</li> <li>- Дарынды оқушылардың аздығы, болған жағдайда инновациялық мектептерге кетуі;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Зейін», «Оқуға құштар мектеп», «Оқуды үйрен» жобаларын іске асыру;</li> <li>- Жоғарғы сынып оқушыларының білім сапасын көтеру мақсатында қосымша консультация сабақтар енгізу;</li> <li>- Олимпиадалармен зерттеу жобалар конкурстарына қатысатын оқушылар санын арттыру;</li> <li>- Мектеп оқушыларының арасында өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, апта сайын өзін-өзі басқару жиналысын ұйымдастырып, мектепшілік іс-шаралар жоспарларымен таныстырып отыру.</li> <li>- Дарынды оқушылармен арнайы жоспар құрып, жұмыс жасау;</li> </ul>

### 2.3 Мектептің тәрбие жұмысының ахуалы

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді. Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу; ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу; табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**21.09.2023 жылғы ✓ 2-4223 хаты негізінде мектебімізде Нашақорлыққа және есірткі бизнеске қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға және Нашақорлықтың алдын алу бойынша 2023 жылға айналған іс-шаралар өткізілді.**

Нашақорлықтың алдын алу мақсатында Нашашорлық ғасыр дерті түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектемізде қызылшаның алдын алуға, вакцинацияның маңыздылығын түсіндіру мақсатында жалпы ата аналар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді. Онда мектеп медбикесі “Қызылшаның таралу жолы, этиологиясы сақтану шаралары” тақырыбында баяндама оқып, слайд арқылы көрсетті. Себепсіз сабақтан қалған, қызылшамен ауырған оқушылар жоқ.

**Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы мектебізде ашылды. Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы туралы толық мағұлмат берілді.**

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

**Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген іс шаралары:**

2023 жылғы 18.08.№2-0311-23-00512 хатына сәйкес төмендегідей шаралар жүргізілді:

- Мектебіміздің мамандары ПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізеді.  
☑Мақсаты: Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.
- Өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру барысында «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында тәлімгер адалдық сағатын өткізді.

2023-2024 оқу жылына арналған үйірме жұмыстарының жоспары оқу жылының басында құрылып, бекітілген.

Оқушылардың сыныптан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға, салауатты өмір салтын ұстануға, балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру мақсатында мектепте келесі үйірме жұмыстары жұмыс істейді: «Мобилограф» «Айсезім» хореографиялық ансамбль, «РобоТРЕК» «Волейбол», «SMART English», «Мобилограф» Ақжелкен, «Жүйрік математик», «Теңбіл доп», «Айсезім» хореографиялық ансамбль, «Алтын ою», «Жас журналисттер мен жас блогерлер», «Түйін».

Мектепте 2 спорттық үйірме жұмыс жасайды. Оқушылардың салауатты өмір салтын сақтауына, дене шынықтыруын, денсаулықтарын жақсартуын, оның дұрыс жетілуін жүзеге асыру мақсатында спорттық үйірмелер ұйымдастырылды.

«Волейбол» үйірмесі 5-10 сыныптар арасында, «Футбол» үйірмесі 1-10 сыныптар ұлдар арасында. «Волейбол» үйірмесі 8, «Футбол» үйірмесі -40 бала қамтылған.

2023 жылдың желтоқсан айында «Айсезім» хореографиялық ансамбль мектеп атынан үлкен сахнаға қадам басып «Салем Қазақстан 2023» халықаралық өнер чемпионатында жүлделі I –лауреат атанды.

### **Негізгі мәселелер:**

1. Ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға белсене қатыспауы;
2. Мектеп оқушыларының арасында өзін-өзі басқару жұмысының әлсіз дамуы;
3. Қазіргі таңда ғаламтор желісінің оқушы тәрбиесіне кері әсері;

### **Шешу жолдары:**

- Ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуын қадағалау;
- Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалар бойынша оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі жолға қойылады;
- Ғаламтор желісінің теріс жақтары туралы үгіт-насихат жүргізу;
- «Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасы бойынша шаралар ұйымдастыру;
- «Тоғыз айға тоғыз 9 іс-шара» жобасын іске асыру.

### **2.4 Ата-аналарға арналған сауалнама**

Балалардың білімалуы жайлы және де жалпы мектеп туралы пікірін білу, білім беру мен оқытудың сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызу мақсатында мектептің ата-аналарынан сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижесінен алынған мәліметтер, оқушыларға білім беру мен мектептегі ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді. Сауалнамаға барлығы 241 ата-ана жауап берді.

«Осы мектепте сіздің балаңызға не ұнайды?» деген сауалға ата-аналар «Заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа мектеп, үйге жақын орналасқаны, қазақ мектебі болғандықтан» деген жауаптармен қатар, мектептің басым көп ата-аналарына ұстаздардың оқушылармен жақсы тіл табысып, сапалы білім беруі, үйірме жұмыстары, қосымша білім беру дұрыс жолға қойылғанын, балаға барлық жағдай жасалғаны ұнайтынына итты.

«Баланың оқуға деген мотивациясын арттыру үшін Сіз нені өзгерткіңіз келеді?» деген сауалға ата-аналар төмендегідей жауаптар берді:

- Кейбір ұстаздардың балаға деген көзқарасын;
- Мұғалімдер әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдай білсе екен деп ойлайды;
- Қосымша білім мәселесін жүйелі түрде жүргізілсе;

Edu-Mark қызметін пайдаланып, баланың оқу үлгерімін қадағалайсыз ба?» деген сұраққа мектебіміздің 63% ата-аналары «Ия» деген жауап берді.



«Мектеп Сіздің балаларыңызды қаншалықты қосымша білім мен қамтамасыз етеді (секциялар, факультативтер, үйірмелер, ансамбльдер)?» деген сұраққа ата-аналардың 88%-ы қосымша білім мен қамтамасыз етілетіндігін айтса, 12% ата-ана қосымша білімнің аздығын айтқан.

«Сіз мектеп мұғалімдерімен/директорымен қаншалықты жиі сөйлесесіз? Деген сұраққа: 52% телефон, әлеуметтік желі арқылы хабарласса, 28% ата-ана жиналысына қатысады екен. 16% өзінің уақытының тапшылығынан сынып жетекшілерімен кездесе, 4% мүлде оқушының мұғалімдерімен байланыс орнатпайтыны айтты.

«Сіз мектептің қоғамдықөміріне тартыласыз ба?» деген сауалға 62% ата-ана иә, үнемі қатысатынын айтты, ал 23% ата-ана жоқ, кейде уақыттың ыңғайына қарай деп жауап берді.

«Сіз балаңыздың тәрбиесіне қандай көмек көрсетесіз?» деген сауалға ата-аналар 40% шамалары келгенше білімге құштар етіп тәрбиелеуге тырысамыз дейді. 19% ата-аналар баламен сөйлесіп, дұрыс бағдар беріп отыратынын айтты. 32% ата-аналар мұғаліммен тығыз байланыстамыз деді. 9% ата-ана жауап беруге қиналатынын жазды.

**Қорытынды:** осы сауалнаманың қорытындысы бойынша көптеген ата-аналар әр пәннен қосымша сабақтар болса дейді. Сабақтың қызықты өткізілуі, тапсырмалардың түсіндірілуі, формативті бағалануы, мұғалімнің сабаққа, оқушыға көбірек уақыт бөлгенін қалайтын ата-аналар да бар. Ата-аналар мектеп мұғалімдерімен, директормен қалаған уақыттарында, жалпылай жиналыстарда, жекелей кез-келген мәселе бойынша жиі кездесіп, сөйлесе алатынын атап көрсетті.

## 2.5 МТБ және мектепті теникалық жарақтандыру

кесте18

№	Жалпы сипаттамасы			
1	Салынған жылы	1953		
2	Жалпы аудан	1517,3 м <sup>2</sup>		
3	Пайдалы алаң	847,5м <sup>2</sup>		
4	Жылыту жүйесі	орталықтандырған		
5	Сумен жабдықтау жүйесі	Орталықтандырылған	ыстық су (су жылытқыштар)бар	
6	Кәріз жүйесі	Орталықтандырылған кәріз жүйесі бар		
7	Дәретхана	ғимарат ішінде		
8	Оқу бағдарламалы мен доспарларына сәйкес жеткілікті	14		

	оқу кабинеттерінің саны			
9	Мультимедиялық кабинет	Отырғызу орындарының саны-13	Ноутбуктер, МФУ, мұғалімдер компьютері, мұғалімдер үстелі, оқушылардың жеке үстелдері, проекторы бар интерактивті тақта	
10	Телестудия		Фотоапарат Canon EOS 2000 Dkit 18-55mmlll-1 дана жарықтандырғыш сөре-2 дана светодиодты жарықтандырғыш Aputur Amaran 200d-200w 5500K-2 дана микарфон қоюшы қондырғы Superlux HM6 – 1 дана Ілмекті радиожүйе Sennheiser EW112 P– 1 дана Репартерлық радиожүйе Sennheiser EW135P G4-A- 1 дана Жарықтандырушы камера SWIT S-2240D Пульспен жарық жиынтықтары Godoox LEDP-260C kit 3 300-5600K -2 дана	
10	Спорт залының болуы	бар		
11	Душ кабиналарымен жабдықталған киім ауыстыратын бөлмелердің болуы	Душпен киім ауыстыратын бөлмелер бар-4		
12	Асхана мен акт залы	Отырғызу орындарының саны-60	Электр плитасы-1 дана Қуыруға арналған шкафы -1 дан Тарту құрылғысы-1 дана, Тоңазытқыш шкаф -1 дана Мұздатқыш ларь-1 дана Электр табасы-1 дана Электр нан пісіру пеші-1 дана 3 секциялы жуу ваннасы Ас үй сөрелері-2 дана Су жылытқышы-1 дана Өндірістік үстел – 1 дана Асхана үстелі-15 дана Орындықтар-68 дана	

13	Кітапхана	Отырғызу орындарының саны-16	Компьютер- 1 дана интерактивті тақта-1 дана 3D (принтер, сканер, көшірме) - 1 дана. Кітап сәресі-10 дана. Оқушылар партасы-9 дана Оқушы орындығы-9 дана. Мектеп тақтасы – 1 дана. Кітапханашының жұмыс үстелі – 1 дана. Жұмсақ орындық-1 дана.	Мектепке оқытуға арналған оқу әдебиеті-2443 дана. Бастауыш мектепте - 1198 дана Орта және жоғарғы буын-847 дана Әдеби оқулықтар-321 дана
14	Медициналық кабинет	бар		
15	Процедуралық кабинет	бар		
16	Электрмен жабдықтау жүйесі	Өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру бойынша ескертулер жоқ, электрмен жабдықтаушы ұйымдар жоқ	Кабельдің техникалық сипаттамасы электр энергиясын тұтыну көлеміне сәйкес келеді	
17	Ғаламтор жүйесі	Интернет жылдамдығы 50 Мбит/с		
18	Күрделі жөндеу қашан жүргізілді	2022ж	Шатырды ауыстыру, қасбетті жөндеу, терезелерді ауыстыру, кәріз, сумен жабдықтау жүйелері	
19	Жабдықталған спорт алаңдары	Жоқ		

Мектеп ғимараты 1953 жылы салынған. Жалпы ауданы 2441,9, пайдалы ауданы 1573,6. Орталықтандырылған жылу мен сумен жабдықтау жүйесі, ыстық су (титандар) бар. 14 оқу кабинеті бар. Дәретханалар ғимарат ішінде. Интернет жылдамдығы 50 Мбит/с-тан асады. Акт залы мен асхана бір залда орналасқан. Кабельдердің техникалық сипаттамасы электр энергиясын тұтыну көлеміне сәйкес келеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандустар салынған.

Мектеп 2016 жылы апатты жағдайда деп тынылып жабылған болатын, 2019 жылы жалпы сомасы 322 миллионға жобалық сметалық құжаттары дайындалып 2022 жылы «Град-Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұтып алып, күрделі жөндеуден өткізді. 2022 жылдың 14 желтоқсанында қолданысқа берілді. Мектепте заманауи сынып

бөлмелері:STEM зертханалық кабинет, мектеп телестудиясы, кітапхана, медиаорталығы, робототехника кабинеті, қыз балаларға арналған тоқу-тігу, ас дайындау шеберханасы, ер балаларға арналған ағаш және металл өңдейтін құрылғылар, 3D принтер күйдіру құрылғыларымен жабдықталған. HI-Tech ұстаханасы жабдықталған.

### Құрал-жабдықтар тізімі

(Компьютерлер, ноутбуктер, принтерлер, серверлер, камералар, интерактивті тақталар, проекторлар, экрандар)

кесте 19

№	Оқу жабдықтарының атауы	саны
1	компьютерлер	31
2	Ноутбуктар	5
3	Фотоапарат Canon	1
4	Принтерлар	14
5	3D принтер	1
6	Серверлер	1
7	Ішкі бақылау бейнекамералары	16
8	Сыртқы бақылау бейнекамералары	8
9	Интерактивті проектор тақтасы	1
10	Проекторы Optoma341	5
11	Видеорегистратор	1
12	Микрофонар	2
13	Колонкалар	2
14	Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттер (химия-биология, тарих-география, физика, Абайтану, Тілдер, ер балаларға арналған еңбек, қыз балаларға арналған еңбек, 2 бастуыш, информатика-робототехника, АЭД, STEM )	12

**Негізгі мәселе:** кабинеттер саны аз болғандықтан пәндер біріктірілген( химия-биология, тарих-география т.б). Бастауышқа арналған тек 2 кабинет бар.

**Шешу жолдары:**Шағын мектеп болғандықтан, оқушылардың білім алуына жағдай жасап, 2 ауысымды тиімді қолдану.

## SWOT-талдау

кесте 20

<b>Мықты жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бәсекеге қабілетті заманауи оқу техникалық жабдықтармен қамтылуы</li> <li>2. Мектептің білім сапасының қалыпты деңгейі (соңғы жылда білім сапасы 50-52%);</li> <li>3. Педагог кадрлардың кәсіби байқауларға қатысуы бойынша өсу динамикасының болуы;</li> <li>4. Үштік одақтың жұмысы (мектеп, ата-ана, оқушы; «Жас ата-аналар мектебі» қоғамдастығы);</li> <li>5. Тәрбиелік іс-шаралардың «Төрт тоқсанға төрт өнер», «Тоғыз айға тоғыз 9 іс-шара» оқушылар қызығушылығына қарай ұйымдастырылуы.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұғалімдердің сапалық құрылым деңгейінің төмендігі;</li> <li>2. Педагог кадрлардың белгілі бір бөлігінің ғана нәтижеге жұмыс істеуі;</li> <li>3. Қалыптасқан тұрақты ұжымның қалыптаспауы;</li> <li>4. Оқушылардың облыстық, республикалық байқауларға қатысу нәтижесінің жеткіліксіздігі;</li> <li>5. Оқушылардың өз бетімен іздену, танымдық деңгейін дамыту төмендігі;</li> <li>6. Мектеп оқушыларының арасында өзін-өзі басқару жұмысының әлсіз дамуы.</li> </ol>
<b>Мүмкіндіктері</b>	<b>Қауіп-қатер</b>
